

Ізденуші Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» атты диссертациялық жұмысқа ресми

СЫН-ШҚІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Мырза Хайдар Дулати тұлғасы мен дүниетанымы өте күрделі. Ойшылдың өмір сүрген кезеңінде әлемдік тарихта саналуан оқиғалар болған. Қазіргі Қазақ елінің кең-байтақ жерінде небір зобалаң оқиғалар өтіп, солардың нәтижесінде көптеген тарихи тұлғаларымыз әртүрлі себептермен қилы тағдырларды басынан кешті. Осындай бірегей тұлғалардың бірі Мырза Хайдар Дулатидің бізге қалдырған рухани мұрасының маңызы өте терең. Оның «Тарих-и Рашиди» шығармасы, сол арқылы бізге жеткен қазақ ордасының тарихы, майталман өнер тұлғалары туралы айтқандары өте құнды. Шетелдерде ойшылдың бұл еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихының оқулығы қызметін атқарды. Біздің қолымызға кеш тиген «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектеріне деген қызығушылық пен оны зерттеуге деген сұраныс, талпыныс қауырт басталды. Бұл туралы диссертант өз зерттеуінде жан-жақты тоқталған.

Мырза Хайдар Дулати шығармашылығы – қазақтың тарихы және мәдениеті, оның дүниетанымы туралы түпнұсқа еңбек. Бұл туындыда көптеген мәселелер баяндалған. Әсіресе, бейнелеу өнерінің майталмандары туралы, керемет суретші Бекзат және тағы басқа қайраткерлер жайлы толық мәліметтерді осы еңбектен табамыз. Халқымыздың дүниетанымын зерттеуші ғалымдар ойшылдың бұл еңбегін аттап өте алмайды. Өйткені, Мырза Хайдар Дулати – өзіміздің төл бабамыз, яғни қазақ. Екіншіден, ойшыл мұсылман болған, демек, өзі өмір сүрген кезеңдегі ойшылдың өңірге және өзге халықтарға қатысты көзқарастары осы екі тұрғыда қалыптасқан. Аталған мәселелерді талқылап, талдау – бүгінгі философия ғылымы мен біздер үшін өте қажет еді, сондықтан осындай диссертацияның жазылуы – қуанышты құбылыс. Бұл зерттеу еңбегінде диссертант Ж.Е. Мырзабеков Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығын жан-жақты, терең зерттеген, көптеген мәліметтер жинақтаған, топтастырған, саралаған, талдаған және бұл диссертацияның өн бойында көрініс тапқан.

Мырза Хайдар Дулатидің еңбектеріндегі мәліметтер негізінде қазақ дүниетанымына қатысты арналарды нақтылап көрсетеді. Құндылықтар ортақ, олардың негізі түркілік және мұсылмандық, осы себепті де, диссертациялық жұмыста көптеген мұсылман әлемінің ғалымдарының, тұлғалары, еңбектері туралы айтылады. Бұл – өте құнды дерек. Ізденуші осы мәселелерді қазіргі тәуелсіз Қазақстанның рухани сұранысының талаптары

тұрғысынан зерделеген. Тәуелсіздік аспаннан түскен жоқ, ол – халықтың ғасырлар бойы еркіндікке деген құштарлығынан сомдалған және саяси көрінісін қалыптастырған құбылыс. Осы тәуелсіздік нышандарын ізденуші Мырза Хайдар Дулати шығармашылығынан айқын танып, ұштастырған. Мұны зерттеудің жаңалығымен қатар, диссертанттың тың ізденісі деп санаймын.

Мырза Дулатидің аталған шығармасы бойынша зерттеу осы диссертациямен аяқталмайды, оны болашақ ауқымды зерттеудің бастамасы ғана деп қабылдағанмыз дұрыс. Осы тақырыптың әлі де талай зерттеулердің арқауына айналары анық. Өйткені, ойшыл еңбектеріндегі ойлар мен тұжырымдардың қыр-сыры қатпарлы. Мырза Хайдар Дулати тарихи деректерді санамалап айтып отырғанымен, олардың әрбірінің мән-мағынасы бар. Оны зерттеп-зерделеу өте қажет екені даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, тақырып өте өзекті және мемлекеттік бағдарламалармен үйлесімді деп санаймыз.

Біз қазір ірі-ірі мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудамыз. «Ұлы даланың жеті қыры», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» бағдарламаларын орындауға арналған келелі мәселелердің қай-қайсысына болмасын Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің негіз ретінде алынуы заңды және олардың ықпалы зор. Себебі, оның кітаптарында XIV-XVI ғасырлардағы қазақ даласының тарихы сөз болады және тарихи куәгері болғандықтан, жан-жақты, өте шынайы баяндап берген. Сондықтан, ізденуші Ж.Е. Мырзабеков қорғауға ұсынып отырған еңбек – мемлекеттік бағдарламаларға сай дайындалған және егемен еліміздің жаңа тарихын, оның тарихын жазудағы, философиялық тұрғыдан талдаудағы маңызы өте зор жұмыс.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертацияның зерттеу объектісі, мақсаты мен міндеттері ғылыми талаптарға сай анықталып, тақырыпты ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу үшін жоспар құрылған және оның тараулары мен тармақтары ізденіс тақырыбын ашуға бағыттталып, бір-бірімен логикалық түрде өзара байланысты түрде ойластырылған. Зерттеуші Ж.Е. Мырзабеков өзінің алдына қойылған ғылыми міндетті орындап шығу барысында ең әуелі Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» және «Жаһаннаме» еңбектерін негізге алған. Бұл дұрыс шешім деп ойлаймыз. Себебі, түпнұсқаға жүгіну – ізденіс нәтижесінің ғылыми нақты, дәлелді және дәйекті болып шығуының бірден бір кепілі.

Сонымен қатар, ізденуші Дулатидің тұлғасы, еңбектері, дүниетанымы туралы жазылған шетелдік және отандық ғалымдардың туындыларын ерінбей сүзіп шыққан, ол қолданылған әдебиет тізімінен жақсы байқалады. Осындай жүйелі ізденіс диссертант Ж.Е. Мырзабековті мынадай алты нәтижеге жеткізді.

Бірінші нәтижеде тарих философиясының объективтілік, дәйектілік, тәуелсіздік сияқты белгілері атап көрсетіліп, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектері жазбаша тарихтың үлгілері деген қорытынды түйінделген.

Екінші ғылыми нәтижеде Дулатидің өмірі мен қолбасшылық қызметі оның антропологиялық зерттеулеріне негіз болғаны, сонымен қатар шығармашылығының философиялық мазмұны, ойшылдың тарих философиясының концептуалдық ұстанымдары тұжырымдалған.

Үшінші ғылыми нәтижеде Мырза Хайдар Дулатидің түркілік этикасы мен эстетикасының, этикалық категориялар жүйесінің ерекшеліктері, олардың әлемдік этикалық-эстетикалық ойлармен үндестігі атап көрсетіліп, теологиялық қырларына назар аударылған.

Төртінші ғылыми нәтижеде Дулатидің адам, өмір, өлім, кісілік, адам өмірінің мәні туралы экзистенциалистік пайымдаулары Батыс философтарының ілімдерімен салыстырылып, компаративистік тұрғыдан талданған және оның көзқарастарының төлтумалылығы туралы тұжырым жасалған.

Бесінші ғылыми нәтижеде Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық шығармашылығының қазіргі таңдағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда маңызды орын алатыны туралы ой түйінделген.

Алтыншы ғылыми нәтижеде көне түркі ойшылдарының тарихи-мәдени құндылықтарын жаңғыртудың теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастыру қажеттігі және оның негізі «өткеннен қабылдау – қазіргі ұрпақтарға паш ету – келешекке жолдау» ұстанымы болуы тиістігі тұжырымдалған.

2. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже дәйекті. Диссертант қазіргі заманғы ғалымдар адамзат тарихын баяндау барысында негізінен алғанда еуропоцентристік ұстанымға, Америка және Қытай түпнұсқаларына көбірек жүгінетіндігін сынай отырып, отандық тарих философиясына объективтілік, ақиқаттық, еркін ойлау, субъективті бұрмалауға жол бермеу тән болуы тиістігін, ал ол үшін түркі дүниесінің белгілі тұлғаларының туындыларын, жазбаша тарихтың үлгісі болып саналатын Дулатидің де еңбектерін зерттеудің маңыздылығын Махмұд Қашқари, Қадырғали Жалаиридін, Жүсіп Баласағұнның, Мырза Хайдар Дулатидің өзінің еңбектеріне, қазақтың ауызша тарихының үлгілеріне, сонымен қатар орыс ғалымы Л.Н. Гумилевтің және отандық ғалымдардың туындыларына сүйене отырып негіздеген. Жазбаша тарих пен ауызша тарихтың айырмашылықтары қарастырылған кесте де диссертанттың тұжырымдарының шынайылығын нақты бейнелеп тұр.

Екінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі жоғары. Тұлғаның тарихты алатын орны туралы әлемдік философия өкілдерінің пікірлеріне сүйене отырып, Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен қызметі, ортасы оның шығармашылығына, түркі халықтарының объективті тарихын жазуына, заман ақиқатын жеткізуші текті тұлға ретінде қалыптасуына, философиялық

дүниетанымының діни мазмұнына айқындаушы әсер еткені анық көрсетілген.

Үшінші ғылыми нәтиже екінші нәтижемен тығыз байланысты және негізді. Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектеріне, Әбсаттар Дербісәлі, Қ. Бейсенов, Ж.Ж. Молдабеков сынды отандық зерттеушілердің туындыларына сүйене отырып, диссертант Мұхаммед Хайдар Дулати этикасының мұсылмандық этикадан тамыр тартатынын, ақыл, білім, иман, сауап, тәубе, жақсылық, рақым, адамның ішкі жан дүние сұлулығы мен мінез ерлігінің, жаны мен тәнінің эстетикалық үйлесімділігі сияқты құндылықтарды жоғары қоятынын және оның этикасы жалпы адамзаттық этикамен астарласатынын нақты дәлелдеп шыққан.

Төртінші ғылыми нәтиже жан-жақты дәйектелген. Мырза Хайдар сияқты ірі тұлғаның экзистенциалдық толғаныстары және оның дүниетанымының өзегі – өмір, адам, адам өмірінің мәні мәселесі екендігі туралы бір қарағанда тосындау көрінетін тұжырымды диссертант ойшылдың поэтикалық-экспрессивтік ойларына тереңірек үңілу арқылы түйіндеп, дәлелдеген. Дулатидің өмір мәндік пікірлерін батыстық ғұмыр кешу философтарының психофилософемдерімен байланыстыра талдап, кесте түрінде салыстыруы нәтиженің дәйектілігін арттырып тұр.

Бесінші ғылыми нәтиже толық. Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасын жан-жақты зерттеудің Қазақстан қоғамының болашағын анықтаушы іргелі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда алатын орны оның философиялық дүниетанымындағы ұлттық рух, отансүйгіштік, адамшылық, мейірімділік және тағы басқа категорияларды «Мәңгілік Ел» стратегиясынан туындайтын мемлекеттік құжаттармен салыстыра отырып талданған және нақты дәлелденген.

Алтыншы ғылыми нәтиже дәлелді. Түркі халықтарының рухани мұрасын қазіргі заманғы адамзатқа кеңірек таныстырудың теориялық және әдістемелік тетіктерін дайындау қажеттігі туралы тұжырымын диссертант түркі дүниесінің Қожа Ахмет Йасауи, Ахмет Йегүнеки, Жүсіп Баласағұн және тағы басқа ойшылдарының еңбектеріне, қазақ ғалымдары Аманжол Қасабек, С.И. Оспанов, С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Аташтың туындыларына негіздей отырып, дәйекті жеткізген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа, себебі Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектері жазбаша тарихтың үлгілері екендігі туралы пікірді қазақтың көрнекті ғалымы Әлкей Марғұлан, сонымен қатар, Пәкістан, Үнді, Өзбекстан тарихшылары өздерінің ғылыми еңбектерінде айтып кеткен. Бірақ диссертанттың Дулати шығармашылығын тарих философиясы тұрғысынан қарастыруы қазақ философиясындағы тың құбылыс екенін де атап өткен жөн.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа. Диссертанттың Мырза Хайдар Дулатидің тарихи еңбектерін тарих философиясы тұрғысынан зерттеп, оның тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативтік

ұстанымдарын айқындауы ізденушінің өзіндік нәтижесі екендігі күмән тудырмайды.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа. Дулати этикасын жан-жақты талдаудың нәтижесінде зерттеуші оның этикасының сегіз ерекшелігін алғаш рет саралап берген. Әсіресе, Дулатидің діни этикасының діни онтологиямен ұштасатыны, имандылық, ақыл, түйсік, әділеттік, батырлық, намыс, уәдеге тұру және тағы басқа этикалық категориялардың қазақ халқының дүниетанымындағы орнықты категориялар екені, ойшылдың түркілік моральдық категориялар жүйесін қалыптастырғаны, олардың қазақ жастарын отаншылдық рухта тәрбиелеудегі маңызы туралы тұжырымдар жаңашылдық сипатқа ие.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңашылдық деңгейі өте жоғары, себебі, Дулатидің экзистенциалистік көзқарастары қазақ философиясында бұрын-соңды философиялық тұрғыдан зерттелмеген. Диссертант оның өмір мәндік пікірлерін әлемдік экзистенциализм өкілдерінің пайымдауларымен салыстыра отырып, олардың діни сипатына назар аударады, исламдық теологияның құр схоластика емес, өмір тәжірибесіне, адамның еркіндігіне, немесе көнбістігіне ғана емес, жауапкершілігіне де бағытталғандығын атап көрсетеді. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулати аумалы-төкпелі заман, игі жақсылардың өлімі туралы пайымдауларын да діни экзистенциалистік сипатта құрғандығын, алайда адамдарды өмірден күдер үзбеуге шақыру арқылы исламдық теологиялық философия арнасынан ауытқымағанын зерттеуші дұрыс негіздеген.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа. Зерттеуші түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғырту жаһандану жағдайында ұлттық қауіпсіздігімізді сақтаудың ғана емес, өз құндылықтарымызды әлемдік деңгейде көрсету үшін және өзіміз де тереңдеп түйсіну үшін маңызды екенін атап көрсете отырып, оларды жаңғыртудың тарихи-логикалық тұрғыдағы интегративтік, герменевтикалық-феноменологиялық, құрылымдық-функционалдық, модернизациялау сияқты әдістерін ұсынады және интерэтникалық рухани коэволюционизмді нығайтуды баса айтады. Диссертанттың бұл ойларының инновациялық сипатқа ие екені күмәнсіз.

Алтыншы ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа. Ізденуші Ж.Е. Мырзабеков түркі руханиятының ажырамас бөлігі болып саналатын Мырза Хайдар Дулатидің дүниетанымын тереңірек зерттеудің теориялық және практикалық әдістері туралы ойларын тұжырымдап, отандық ғылымда бұрын да ұсынылған пікірлерді нақтылай түскен, сонымен қатар, ойшылдың философиялық дүниетанымындағы тарихи-мәдени құндылықтардың практикалық қырларына ерекше мән берген.

Қорыта айтқанда, ізденуші Ж.Е. Мырзабеков ұсынған алты тұжырымның төртеуі – жаңа, екеуі – салыстырмалы жаңа, яғни тұжырымдардың жаңашылдық деңгейі жоғары.

4. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Мырза Хайдар Дулатидің еңбектері мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарына жүйелі енгізілгені жөн және оған осы зерттеудің үлес қосатыны даусыз. Диссертант ұсынған тұжырымдар алдағы уақытта білім саласында кең қолданысқа түсетініне сенімім мол. Жамбыл Мырзабековтің «Түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттеу негіздері» атты оқу құралын (Алматы, Эверо, 2015) қайта басып шығарып, оны жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде гуманитарлық пәндерді үдерісінде кеңінен қолдану керек деп ойлаймын. Яғни, диссертант Жамбыл Мырзабеков ғылыми ізденіс барысында қол жеткізген нәтижелер практикалық және теориялық тұрғыдан маңызды.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Ізденуші Жамбыл Мырзабековтің «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбына жазылған диссертациясының нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары оның бір оқу құралында, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, шетелдік және республикалық ғылыми конференциялар материалдарында, оның ішінде бір мақала халықаралық Скопус базасына кіретін журналда жарияланған, яғни, ғылыми қауымдастықтың сынынан өтіп, расталған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеуші Жамбыл Мырзабековтің диссертациялық жұмысы жүйелі жазылған, талаптарға сай жұмыс екендігін айта келе, төмендегідей кемшіліктердің де бар екенін айта кеткім келеді.

Біріншіден, Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін сұрыптауда, саралауда ұғымдарға жеке мән беру қажеттілігі түсінікті. Осы тұрғыдан алғанда, олардың бірегейлігі туралы сөз қозғалмаған. Түркі дәуірі, тарихи тұлғалар, түркі өркениеті, түркі дүниетанымы, әлемдік этикалық ойлар, ұлттық тарихи философия деген күрделі-күрделі ұғымдардың ара-жігі және мағыналық жақындығы, даралығы ары қарай қарастыруды қажет етеді.

Екіншіден, зерттеу жұмысы тарих философиясына тікелей қатысты болғандықтан, бұл мәселені айшықты айтуға болар еді. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің түркі өркениеті мен мәдениетімен тұтастығы мәселесін қарастырса, диссертация мазмұны тереңдей түсер еді.

Үшіншіден, жұмыс үш тараудан тұрады. Әр тарау үш тараушадан тұрады. Осылардың ішінде қарастырылған мәселелердің тарихи-мәдени тұтастығын ізденуші әлі де қарастырса деген ойым бар.

Мырза Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі – біртұтас дүние, осы себепті де, зерттеуші ойшыл ұстанымын болашақтағы зерттеу жұмысының бағдарына алғаны жөн деп санаймын.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың мазмұны мен ғылыми құндылығына еш нұқсан келтірмейді.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Ізденуші Жамбыл Мырзабековтің «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» атты диссертациялық жұмысы қазақ философиясы үшін ғана емес, әлемдік философия үшін де өте маңызды мәселеге арналған. Диссертация мазмұны зерттеушінің тақырыпқа адалдық, ғылыми ыждағаттылық, жан-жақтылық, бірізділік сияқты ғалымға тән қасиеттерге ие екендігін көрсетіп тұр. Ол өзінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін белгілі бір деңгейде жақсы атқарып шықты, нәтижесінде отандық философияға қомақты үлес қоса алатын, теориялық және практикалық маңызы жоғары ғылыми еңбек дүниеге келді деуімізге болады.

«М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбындағы бұл диссертация ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына толық сай келеді, сондықтан оның авторы Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми сын-пікір беруші:
ҚР ҰҒА академигі,
философия ғылымдарының докторы,
Лев Гумилев атындағы ЕҰУ,
философия кафедрасының профессоры

Гарифолла Есім

Гарифолла Есім

